

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII
Международная научная конференция студентов и молодых
ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International
Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE
BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

Тәуелсіздік-киелі ұғым. Оған жету үшін рухы биік жандардың немесе тұтас ұлт, халықтың төгілетін қаны да аз болмаса керек. Біз тоқталған өлеңдер сол азапты жолдың нақты картинасы.

Азаттық үшін алысқан Бүркіт Ысқақовтың, Махмет Темірұлының көпшілікке кеңінен таныс емес, азаттық рухымен суарылған жыр жолдарын баяндағанда айтпақ негізі ойымыз осы еді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Шәріп А. Қазақ поэзиясы және ұлттық идея. А., 2000
2. Гачев Г. Россия и Украина: диалог культур // дружба народов, 1994, №4
3. Нұрғали Р. Алаш ұранды әдебиет-азаттық әдебиет // Көкейкесті әдебиеттану. 7 кітап. Астана, 2006.
4. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. А., 2006.
5. Темірұлы М. Армен мен азап. А., 1998.

ИРРИДЕНТТІК ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ: НЫСАНЫ, КӨРКЕМДІК САБАҚТАСТЫҒЫ

Джумабаева Алтынай Ерсултанбековна
dzhumabaeva.altynai@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, МҚТ-1 тобының магистранты
Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.к., доцент Кемеңгер Қ.Р.

Әдебиет – ғасырлардың сырын, халық тағдырын сөз ете алатын асыл сөз қазынасы. Әдебиеттен ұлт тарихын, талайлардың мұңын, сынған мен жеңгеннің, үзген мен үзілгеннің жолын көре аламыз. Әдебиет адам жанының терең сырларын, ешкім бас сұғып үңіле бермейтін тұстарын жүрек түбінен суырып, жария қылады.

1992 жылғы қыркүйекте өткен Дүниежүзі қазақтарының құрылтайында Қазақстаннан тыс шет елде өмір сүретін қазақтардың барлығын «диаспора» терминімен атаған болатын. Осы тұста кеткен үлкен қателік болды. Бұл қателікке ең алғаш рет баса назар аударып, шет елдегі қазақтардың барлығы «диаспора» болып табылмайтынын айтып, «қазақ ирридентасы» терминін енгізген тарих ғылымдарының докторы, профессор Г.Меңдіғұлова болды. Ғалым 1995 жылы Түркістанда 16-17 қарашада өткен «Казахская диаспора: проблемы и перспективы» симпозиумында «Исторические проблемы изучения казахской диаспоры» баяндамасында аталған терминнің мәнін ашып, тарихи Отанында өмір сүріп жатқан қазақтарды диаспора деп атаудан бас тартады. «Диаспора» терминінің орнына «Ирридент» атауын ұсынды. Термин қолданысының маңызын автор төмендегідей түсіндіреді. «Қазақстанмен шекаралас мемлекеттерде өмір сүріп жатқан 3.7 млн қазақтарды ешқандай жағдайда «Диаспора» терминімен атауға болмайды, себебі олар өз ата-баба жерлерінде өмір сүруде. Тек ХІХ-ХХ ғасырдағы патшалық отаршылдық саясат пен ХХ ғасырдағы кеңестік тоталитарлық жүйенің әсерінен қазіргі таңда өзге (шекаралас) мемлекеттердің құрамына енген» [1, 33 б.].

«Ирридент» термині әдетте әлеуметтануда, халықаралық қатынастарда жиі қолданылады. Шығу тегі жағынан тарих ғылымының терминіне телінеді. Бұлай деуіміздің себебі – Ирридент (irredento) сөзі итальян тілінен аударғанда «ақысы өтелмеген, төленбеген» деген мағынаны білдіреді. Шығу тарихы 1878 жылғы «Италия Ирриденто» қозғалысымен байланыстырылады. Қозғалыстың орын алу себебі – атам заманнан итальяндықтар өмір сүріп келген, өмір сүретін жерлерді Италия құрамына енгізу. Аталған қозғалыс атауы кейінірек саясаттану, әлеуметтану, тарих, ұлттану (этнология), халықаралық қатынастар ғылымдарына арнаулы термин ретінде енгізілді. Айта кетерлік жайт, «Ирридент» ұғымы бұл

кезге дейін филология ғылымында қолданылмаған. Десек те, ХХІ ғасыр – антропоэекті парадигма белең алып отырған кезең. Антропоэекті парадигма адамды орталық ретінде алып, ғылымдарды соған бағындырады. Осы негізде ғылымдар тоғысы адам баласы күмәнмен сенерліктей қарқынмен орын алуда. Бұлай деуіміздің себебі – қазіргі ғылым пәнаралық байланысты қатаң талап етуде. Бір саласының өзі төңірегінде ғана қалып қоймай өзге де жеке ғылымдармен селбесіп күрмеуі қиын сұрақтардың жауабын табуда өз септігін тигізуде. Ғылымдар тоғысы қазіргі таңда ғылыми зерттеу жұмысын біршама жеңілдетті. Мәселенің ашыла алмай тұрған тұстарын екінші ғылым көмегімен өзгеше көзқараспен қарау, зерттеу үлкен жетістіктерге қол жеткізді. Әдебиет әрдайым, негізінен, тіл мен тарихтың көмегіне сүйене отырып, орасан зор жаңалықтар ашты. Сонымен қатар әдебиет аталған ғылымдар негізінде ортақ мәселелердің де жауабын тауып отырды. Біз қарастырғалы отырған әдебиет – шекара сызығының ар жағында қалған, бірақ өз ата-қонысында мекен етуші халық әдебиеті. Бұл тұста біз тарих, этнология, әлеуметтану, философия, география ғылымдарымен бірлесе отырып, аталған әдебиет ерекшелігін қарастыра аламыз. Біздің қарастырғалы отырған тақырыбымыз аталған ғылымдар мен әдебиетті байланыстырады. Осы ретте «Ирридент» ұғымы негізінде әдебиет саласында «Ирридентті әдебиет» деген жаңа сала қосылуға тиіс деп білеміз. Келесі кезекте, бұл пікірімізді тарқатып, тұжырымымызды дәлелдегіміз келеді.

«Ирридент» ұғымы өз ата-бабасының жерінде өмір сүре тұра, еріксіз шет мемлекет азаматы болып саналатын ұлт қауымы. Осының негізінде *«ирриденттік әдебиет» деп өзге мемлекет қарамағында өмір сүретін, бірақ өз ата-мекенінде қоныстанған халық тудырған әдебиетті айтамыз.* Ирриденттік қазақ әдебиеті қазақ ирриденттерінің жасаған әдеби әлемін қамтиды. Қазақстаннан тыс шет елдегі қазақтар жасап келген, жасап жатқан әдебиеттің бірнеше түрлері жиі айтылады: миграциялық әдебиет, аймақтық әдебиет, шетелдік әдебиет т.б. Ирриденттік әдебиет аталған әдебиет түрлеріне қарағанда біршама ерекшеліктерге ие. Бұл ерекшеліктер әдетте «шекара бөлінісі», «ата-қоныс», «Отан», «ұлт» ұғымдарымен тікелей байланысты. Ирридентті әдебиетті өзге әдебиет жанрларынан іргесін бөліп алуымыздың негізі оның табиғатының ерекшелігінде жатыр. Кіндік қаны тамған жерге ғұмыр кеше отырып, өзге ту астында жиналып, өзге елдің әнұранына құлақ құрышын қандырған ұлт әдебиеті – туған жерінің жанымен, рухани әлемімен тікелей байланыста болады.

Әдебиеттануда біз ұсынғалы отырған ұғымға жақын «эмиграциялық әдебиет» саласы бар. Жазушы Д.Амантай өз эссесінде эмиграциялық әдебиет ұғымы туралы: «Эмигранттық әдебиет дегеніміз ұлт әдебиетінің сынығы. Белгілі бір бөлігінің жат жерде, бөтен топырақта өркендеуі» [2] десе, ақын Ұ.Зарыққан «Эмиграциядағы қазақ әдебиетінің бастаулары» мақаласында келесідей түсінік береді: «Эмиграция белгілі бір этникалық топтың шоғырлану болғаннан кейін, ондай топтың өзіне тән рухани-мәдени өнім беру қабілеті де болады. Міне, осы пайымнан енді эмиграциялық әдебиет ұғымы шығады» [3]. Бұл тұжырымдардан эмиграциялық әдебиеттің түр-сипатының ирриденттік әдебиет тұрпатына жақын екендігін көреміз. Ирриденттік әдебиет пен эмиграциялық әдебиеттің айырмашылығы немесе ортақтастығы туралы сөз қозғау үшін біз алдымен бұл әдебиет салаларын тудырып отырған әлеуметтік құбылысты нақтылауымыз қажет. Ирридент ұғымының қолдану реті анықталған. «Эмиграция» термині этносоциологиялық сөздікте «(латынша *emigro* – қоныс аударамын) – әртүрлі себептерге (экономикалық, саяси, діни және басқалар) байланысты халықтың тұрақты тұратын елден басқа елдерге өз еркімен немесе күшпен қоныс аударуы» [4, 364 б.],- деп анықталады. Түсіндірме бойынша эмигранттар – тұрақты тұратын елінен басқа елге қоныс аударған халық. Ал ирридент – өз ата-қонысында өмір сүруші халық. Байқағанымыздай, ирридент те, эмигрант та шет ел аумағында өмір сүреді. Айырмашылығы – эмигрант қоныс аударушы болса, ирридент өз ата-баба жерін жайлаушы халық, эмигранттар Қазақстаннан шалғай мемлекеттерде, мұхит асып өмір сүрсе, ирриденттер Қазақстанмен шекаралас елдерде ғана өмір сүреді.

Қазақ әдебиетінде эмиграциялық әдебиет саласы зерттелген. Профессор Қ.М. Байтанасова «Эмиграциялық әдебиет: жаһандану үдерісі мен көркемдік сабақтастық» еңбегінде эмиграциялық әдебиеттің табиғатын келесідей сипаттайды: «Эмиграциялық әдебиет – өзге ортада жасалған шығармашылық. Бұл әдебиет өз отандарынан сыртқарыда кеңістікте туып, қалыптасты да, олардың өздеріне тән туу, қалыптасу, даму үрдістері орнықты» [5, 3 б.]. Анықтамадағы көзге бірден ілінетіні – «өз отандарынан сыртқары» сөзі. Зерттеуші эмиграциялық әдебиеттің сипатын нақты түсіндіре алған, осы негізде ирриденттік әдебиет пен эмиграциялық әдебиеттің аражігі көрінеді. Дегенмен де, екі әдебиет саласының бір-біріне жақындығын жоққа шығара алмаймыз. Бұл сөзіміздің тірегі – екі әдебиет саласының да шекара сызығының арғы жағында дүние келуі. Бұл ортақтастық екі әдебиеттің саласын бір-біріне жақындата түседі. Туған жерге деген сағыныш пен тәуелсіз ту астындағы Отанына деген махаббат – екі әдебиеттің ортақ сарынын көрсетеді. Айырмашылығы – эмиграциялық әдебиет өкілі өз жерінен де, елінен де жыраққа кетсе, ирриденттік әдебиет өкілі өз жерінде өмір сүре тұра өз еліне өзге ту астында көз тастайды. Бұл көзқарас бұл әдебиет туындыларының табиғатын таразылайды.

Эмиграциялық және ирриденттік әдебиеттің аражігіне біршама көз жүгірте отырып, ирриденттік әдебиетке тән бірқатар өзіндік сипатын байқаймыз. Ирриденттік әдебиет – зерттеуді, жинақтауды, талдауды, саралауды қажет ететін әдебиеттану саласы. Біздің ойымызша, ирриденттік әдебиеттің ерекшелігі – оның мазмұнында жатқан өз еліне деген махаббат пен құштарлықтың өкініш пен сағынышқа ұласуында, шекара сызығының ақын, жазушылардың көзқарасына, тақырып көкжиегінде, идея алыбында кездесетін ерекшеліктері мен қазақ жерінде дүниеге келген әдеби туындыларымен салыстырғанда мазмұн мен пішін бойынша айырмашылығы. Осы ретте ирриденттік қазақ әдебиетті жүйелі реттеуді, ауқымды жинақтауды қажет етеді. Көркемдік тұлғасы, тақырыптық бейнесі бойынша зерттеуді, танытуды талап етеді. Әлі күнге дейін ел жайын, ел зарын, ел барын көркем сөзбен өрген шығармалар қолжазба беттерінен әрі аса алмай жатыр. Осы қойнауға шаң басқан жазбалар мен өлеңдер белгілі бір кезеңдегі халық халін, әлеуметтік өзгерісті, халықтың жан-дүниесін бес саусақпен санағандай ашып бере алар еді. Бұл туындылар тек әдебиетті ғана емес, тарих, этнология, этнография, этнолингвистика, әлеуметтану, география, халықаралық қатынастар, т.б. ғылым салаларына жаңалықтар енгізіп, зерттеуді алға жылжыта алар еді. Әр кезеңде орын алған түрлі тарихи, әлеуметтік өзгерістің жайы, себебі, халыққа әсері ирриденттік әдебиет өкілдерінің туындыларында жатқандығын ескерсек, өзге ғылым салаларындағы жауабы табылмай жүрген біраз сұрақтың басын аша алар еді. Бұл ретте ирриденттік қазақ әдебиетінің маңызы мен қызметін анық байқай аламыз.

Ирриденттік қазақ әдебиеті Қазақстан мен шекаралас мемлекеттерде өмір сүруші ирриденттер тудырған әдебиетті қарастырады. Бұған Ресей құрамындағы Алтай, Омбы, Түмен, Орынбор, Қорған, Троицк, Астрахань өңірінде өмір сүретін қазақтардың әдебиеті жатады. Қазіргі таңға дейін біршама жүйелі зерттеу бетін көрген бірнеше ирриденттік әдебиет өкілдері бар. Бірақ олар тек жеке әдебиет өкілдері ретінде ғана қарастырылып, ирриденттік әдебиет жағы есепке алынбаған. Мысалы Омбы өңірінен жүйелі зерттеуді Б.Бейсембин, Ә.Бектасов, Б.Батырқожаұлы, Ә.Жұманұлы, Ж.Көшербайұлы, Ж.Сыздықұлы т.б. шығармалары Ирриденттік әдебиетке жатады. Аталған авторлар қазіргі таңда әдебиеттану ғылымында сапалы зерттеуді қажет етеді.

Қорытындылай келе, ирриденті қазақ әдебиеті – жалпы әдебиеттану ғылымындағы жаңа леп, жаңа бағыт. Бойына бірнеше ғылымды тоғыстырған жаңа сала зерттеу сипаты бойынша біршама мәселе төңірегін шолып, сұрақтардың жауабын табуға септігін тигізе алады. Қазіргі кезең пәнаралық байланыстың өте қарқынды дамуымен сипатталады. Ирридентті қазақ әдебиетін зерттеу үшін тек сөз өнерін ғана саралап білу аздық ететіні рас, дегенмен де жан-жақты зерттеу әдебиеттің жаңа саласының тез дамуына, тепіз жоғары деңгейге көтерілуіне себепкер болады. Ирридентті қазақ әдебиетін зерттеу ең алдымен этнологияны, тарихты, ұлт психологиясын (этнопсихология), географияны тереңірек қарастыруда талап етеді. Десек те, шетел шекарасында қалып қойған, туған еліне деген

ыстық лебізі сөнбеген халықтың сана-сезімін жақынырақ тануға негізгі алып барар жол. Өз туған елінен, отандастарымен шекара сызығының әсерінен қол үзген халықтың әдебиеті әдебиеттану ғылымына орасан зор материал, нәтиже, тұжырым енгізеріне сеніміміз мол.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Мендикулова Г.М. Казахская диаспора: история и современность: монография / Мендикулова Гульнара Малбагаровна; редактор Т.Ш. Даулетов; Министерство образования и науки РК, Институт востоковедения им. Р.Б. Сулейменова. - Алматы : Всемирная Ассоциация казахов, 2006. – 342 б.
2. Амантай Д. Эмигранттық әдебиет. Эссе. [Электронды ресурс] [Эмигранттық әдебиет – HALYQLINE.KZ](http://HALYQLINE.KZ)
3. Зарыққан Ұ. Эмиграциядағы қазақ әдебиетінің бастаулары. [Электронды ресурс] [Эмиграциядағы қазақ әдебиетінің бастаулары \(adebiportal.kz\)](http://adebiportal.kz)
4. Этносаяси сөздік: Қазақстанның қоғамдық келісім және этносаралық толеранттылық саясаты және практикасы терминдері мен ұғымдары / Е.Л. Тоғжанов, Н.П. Калашникова, С.К. Калмыков, В.А. Малиновский. - Астана: Ш.Шаяхметов атын. ТДРУЭО, 2014. – 398 б.
5. Байтанасова Қ.М. Эмиграциялық әдебиет: жаһандану үдерісі мен көркемдік сабақтастық : ("Шетел әдебиеті тарихы" пәніне қосымша құрал) / Қ.М. Байтанасова. - Астана : Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2013. – 212 б.

АЛАШ ҚАЛАМГЕРІ ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТҰЛЫ ТАҒДЫРЫ МЕН МҰРАСЫНЫҢ ТАҒЫЛЫМЫ

Ермағамбет Аружан Мұратқызы

ayermagambet@list.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, ҚФ-23 тобының студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.к., доцент Кемеңгер Қ.Р.

«Екі заман шекарасында туған халқының ақылы, ойы, ары, баскөтерері болып, оның қамы үшін, тағдыры мен болашағы үшін бастарын тауға да, тасқа да соғып, ақыры бір кездерде біздің елді жайлаған зорлық-зомбылық дертінің құрбаны болып кеткен арыстарымыздың қатарында Жүсіпбек Аймауытов та бар».

Академик Серік Қирабаев

Қазақ әдебиетіміздің төрінен ойып тұрып орын алатын бірегей тұлға – Жүсіпбек Аймауытұлы. Аз ғана ғұмыр сүрсе де, қазақ әдебиетін жаңа өреге көтеруге өлшеусіз үлес қосқан жазушы аласапыран заманда қоғам ісіне білек сыбана кірісіп, қайраткерлік, білімдарлық, адамгершілік тұлғасымен көрінді. Ж.Аймауытұлы Алаш зиялыларының ішінде алғашқылардың бірі болып атылғанымен, алғашқылардың бірі болып ақталмады. Қилы заманмен арпалысқан ауыр тағдыр күрескер рухынан танбады. Жүсіпбек десе, қазақ әдебиетінің шоқтығы биік шығармалары болып есептелетін «Ақбілегі» мен «Қартқожасы» еске түсері хақ.

«Тау толғатып жататын, төбелер аяғы ауыр талай талант тудырған – Баянауыл, Баянауыл», - ақындар осылай тебіреніп суреттеген Баянауыл өлкесі өзінің табиғатына сай тау тұлғалы дарындарды әкелген. Талай тарихтың куәсі болған, Дәндебай жазығы, Дәндебайдың сары шоқысы деп аталып кеткен бұл өлке Жүсіпбек Аймауытұлының ата-жұрты. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы жазбаларының бірінде Жүсіпбектің шыққан тегі туралы